

Әрбір азаматтың міндеті болуы тиіс

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауында, «Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттігін» сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты екендігін атап өтті. Сондықтан жемқорлықпен күресте қоғам болып атсалысу керек, яғни әр азамат қоғамда болып жатқан әрбір іске, қоғамдағы жағымсыз әрекетке қарсы тұра білуі, сол жолда қолынан келгенше жұмыс жасау қажет. Бұл жемқорлық қоғам дерті.

Жасалған сыбайлас жемқорлыққа байланысты заңбұзушылықты, сіз Экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлықпен күрес департаментіне сенім телефоны-114, сонымен қатар, әр мемлекеттік органдардағы сенім телефондары арқылы хабарласа аласыз. Жоғарыда аталған кепілдіктер жалған ақпарат берген тұлғаларға көрсетілмейді. Осы орайда, Аудан әкімдігі білім бөлімінің мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналастырылып, қабырға бетке Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Аудан әкімдігі білім бөлімінің «Сенім телефоны» 4-22-21 сымтетігі көрнекі жерге ілініп, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, тұрақты түрде жұмыс жасалып келеді.

Айдос Нәлібаев,
Аудан әкімдігі білім бөлімінің бас маманы.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес-баршамызға ортақ іс

Парақорлық мемлекеттің қалыптасуына бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, халықтың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген. Сондай-ақ мемлекеттік кірістер басқармасының кіре берісінде арнайы «Сенім жәшігі» орнаты-

лып, 4-12-94 сенім телефоны қойылған. Одан бөлек сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу мақсатында өтетін семинар кеңестерді және жиналыстарды қорытындылағанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау шаралары туралы сабақтар өтіп тұрады. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес. Бәріміз бір кісідей өз ісімізге және айнала дағыларымызға адал болып, қанағат пен парасат биігінен көріне білейік.

Ержан Сабырхан,
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы.

Әр істі өзіңнен баста

Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғы шарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттігін сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Сондықтан жемқорлықпен күресте қоғам болып атсалысу керек, яғни әр азамат қоғамда болып жатқан әрбір іске, қоғамдағы жағымсыз әрекетке қарсы тұра білуі, сол жолда қолынан келгенше жұмыс жасау қажет. Бұл жемқорлық қоғам дерті. Жемқорлық қызметтік лауазымды пайдалана отырып оны жеке мүддеге пайдалану. Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді, алайда көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қадамға баруына себепші болады. Сондықтан да, заң бойынша «алушыға» ғана емес «берушіге» де жауапкершілік артылған. Жасалған сыбайлас жемқорлыққа байланысты заң бұзушылықты, сіз экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлықпен күрес Департаментіне сенім телефоны-114, сонымен қатар, әр мемлекеттік органдардағы сенім телефондары арқылы хабарласа аласыз. Жоғарыда аталған кепілдіктер жалған ақпарат берген тұлғаларға көрсетілмейді.

Зердегүл Есенбек,
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің жетекші маманы.

Жарамсыз деп танылсын

Тыныштықбай Сырым Жаппасұлының иелігіндегі «Урал-375» маркалі автокөлігінің «KZ 446 АЕQ/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Тыныштықбай Сырым Жаппасұлының иелігіндегі «Урал-375» маркалі автокөлігінің «KZ 447 АЕQ/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

«Қазатомпром»-Сауран» Орталық Мыңқұдық» кенішіне тиесілі «Нефаз-8332» маркалі көлік тіркемесінің «39 FFA/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

«Қазатомпром»-Сауран» Орталық Мыңқұдық» кенішіне тиесілі (Гос.№ АVP996X) «LONGONG/068554» маркалі фронтальный жүктиегіштің «техникалық төлқұжаты» жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Хабарландыру

«ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ «ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ» ЖШС арналған «Түркістан облысы Созақ ауданындағы Оқтас құм-шағал кен орнында өндіру тау-кен жұмыстарының жоспары» бойынша ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент а.о., Таукент а., 1 Бқшам аудан, 45А (әкімшілік ғимараты). Өткізу уақыты: 10/04/2026ж.сағат 12:30.

Конференцияға қосылу <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Әсер ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент а.о., географиялық координаттары: а 43,53'40.39" с.б. 68,46'36.58"ш.е.

Ескертулер мен ұсыныстарды ҰДБ ақпараттық жүйесіне (ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО сайтына (<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>) жолдауға болады. ЖАО Түркістан облысы, Түркістан қаласы, ТРАССА КЕНТАУ, 2, 10, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

Бастамашы: «Производственная компания «Шымкентдорстрой», САЙРАМ АУДАНЫ, МАНКЕНТ А.О., МАНКЕНТ А., Бірлік көшесі, 45 үй, БСН 931240000687, тел. +7(725)-253-07-24. pkshds@mail.ru. Директор МЫНЖАСАРОВ НУРБОЛ.

Орындаушы: «Эко-Лимитед» ЖШС г.Тараз, ҚАРАСУ ы.а., 16 үй, БИН170440027019 басшысы Саткенов Р. Т. тел.: +77021573190

Объявление

ТОО «ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ «ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Плану горных работ разработки месторождения песчано-гравийной смеси Октас в Созакском районе Туркестанской области» Местом проведения: Туркестанская область, Сузакский район, Таукентская п.а., п.Таукент, МИКРОРАЙОН 1, Д.45А (здание акимата). Время проведения: 10/04/2026г. в 12:30.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район, Таукентская п.а., географические координаты: 43,53'40.39"С, 68,46'36.58"В

Замечания и предложения принимаются в информационной системе НДБ (ndbecology.gov.kz), а также на сайте МИО (<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>) МИОКГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес Туркестанская область, г. Туркестан, ТРАССА КЕНТАУ, 2, 10, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59

Инициатор: ТОО «Производственная компания «Шымкентдорстрой», САЙРАМСКИЙ РАЙОН, МАНКЕНТСКИЙ С.О., С.МАНКЕНТ, улица Бирлик, дом 45, БИН 931240000687, тел. +7(725)-253-07-24. pkshds@mail.ru. Директор МЫНЖАСАРОВ НУРБОЛ.

Исполнитель проекта: ТОО «Эко-Лимитед» г.Тараз, мкр. КАРАСУ, 16, БИН170440027019 директор Саткенов Р. Т. тел.: +77021573190

Құтыру ауруынан сақ болыңыз!

Құтыру ауруы-орталық жүйке жүйесінің зақымдануынан агресивтілікпен, құтыру, тістеу, судан қорқу немесе жартылай салдану, сілекей шұбыру тағы басқа белгілермен ерекшеленіп, жіті өршітін вирустық ауру. Аурудың негізгі жұқпалы көзі: Құтыру ауруымен ауырған үй жануарлары (ит, мысық, сиыр, қой және т.б.) жабайы аңдар (түлкі, қарсақ, қасқыр, жарқанат).

Жұғу жолдары-құтырған ауру жануарлардың сілекейі (тістегенде, тырнағанда дененің жарылған жеріне) арқылы жұғады. Ауру белгілерінің жасырын кезеңі үш аптаға, кейде үш айға дейін созылады. Құтыру ауруы екі түрде-елірме және сал ауруы түрінде өтеді. Ауруға шалдыққан мал еліріп, тұрған қоршауды сүзгілеп, салған шөпті жан-жағына шашып, өзіне жақын адамға тап беріп, қалыптан тыс қылықтар көрсетеді. Осы кезеңнің тағы бір белгісі-аузынан сілекей шұбырып терлейді, жиі-жиі зәр шығарады. Астыңғы жақ сүйегі сал болып істемей қалады. Бұл осы аурудың басты белгілерінің бірі болып саналады. Аурудың алғашқы белгілері байқалағаннан кейін бес күн немесе жеті күн өткен соң мал өледі. Бұл індет иттерде де елірме және сал түрінде өтеді. Бірінші түрі үш күнге дейін созылады. Осы кезде ит қараңғы жерге тығылып үнсіз жатып алады, кейде өзінен-өзі еліріп, өршеленіп үреді. Кез келген жануарға ұмтылып, тіпті өз егесін де тістеуге әрекет жасайды. Өртүрлі заттарды (шөп, тас, темір) шайнап жұтып қоятындай болады, бірақ жұта алмайды. Су іше алмайды, судан қорқады. Жарық пен судан қорқуы құтыру ауруының негізгі белгілері болып саналады. Аузынан көбікті сілекей шұбырады. Астыңғы жақ сүйегі салданып қызметін жоғалтады. Иттің дауысы қарлығып үре алмайтын жағдайға жетеді.

Індеттің екінші түрі-сал (паралич) созылмалы болады. Аурудың, бұл түрімен ауырған ит

төрт, ары кеткенде жеті күн шамасында өледі.

Егер ит (немесе мысық) құтырған болса, арада 8-9 күн өткенде өліп қалады немесе жоғалып кетеді. Сондықтан бақылауға алынған ит (басқа да жануарлар) байлаулы немесе қамаулы тұруы керек. Егер тістеген ит, тістеген күннен бастап есептегенде 11-ші күні өлмей, ауру белгілері білінбей сау болса, онда ол құтыру ауруынан сау болғаны. Демек, күдікті иттің (немесе басқа жануарлардың) тістеген кезде құтыру ауруынан сау болғандығы тек күні бақылаудағы ит иесі, инспектор және жарақат алған кісі (егер жарақат алған жас бала болса, итті білетін ата-анасының, аға-әпкелерінің бір-еуі құжаттарымен келуі керек) иттің, сол тістеген ит екеніне, оның аман-сау екендігіне көз жеткізіп, арнайы толтырған қағазға қол қояды. Содан соң ауыл округінің мал дәрігерлік бекетінің меңгерушісі иттің аурудан амандығы жайлы анықтама береді. Егер бақылаудағы ит өліп қалса, немесе қандай да бір себеппен қашып шығып жоғалып кетсе, ол елдіге саналады да жарақат алған адамға 90 күн алдын-ала егу емі жасалады.

Ескерту: ит, мысықты ұстау ережелері мұқият сақталуы қажет. Иттер байлауда немесе арнайы вольтерде ұсталуы керек. Қыдыртқанда немесе қоғамдық көлік ішінде алып жүргенде оларға міндетті түрде тұмсыққап кигізу керек. Сондай-ақ ит мысықтарды арнайы дәрілейтін мекемелерден тіркеуден өткізіп, оларға тиісті құжат алып, жыл сайын құтыруға қарсы вакцина егу жұмыстарын жүргізіп отыру қажет.

Ит, мысық асырайтын болсаңыз, жергілікті мал дәрігерлеріне көрсетіп, тиісті кеңес алып, құтыру ауруына қарсы вакцина ектіріп тұруларыңыз қажет.

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары өздеріңізге тиесілі ит-мысықтарыңызбен өзгеде жануарларыңыздың, жоғарыда көрсетілген белгілерді байқаған жағдайда ветеринарлық мекемеге шұғыл хабарлауларыңызды сұранамын.

ТО ВБ «Ветеринарлық қызметі» ШЖҚ МКК Созақ аудандық филиалы.

Консервіленген өнімдердің тағамдық қауіпсіздігі!

Ботулизм-құрамында Clostridium botulinum бактерияларының уы (токсині) бар тағамдарды тұтыну кезінде туындайтын тағамдық улану. Ботулизм микробтардың спора түрінде кең таралған. Споралар сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталады, мұздатуға және кептіруге төзімді. Жемістер мен көкөністерге, азық-түлікке, үй жануарларына арналған жемге немесе ағзаның ішектеріне (мысалы, балықтардың) түскен жағдайда споралар оттегі болмаған кезде вегетативті түрге айналады және токсин құрайды. Токсин 80 градус температурада 30 минут ішінде, 100 градус температурада 10 минут ішінде бұзылады. Ауру бірнеше сағаттан 5 тәулікке дейін дамиды. Науқас айналадағы адамдар үшін қауіп төндірмейді. Иммунитет қалыптаспайынша, қайта жұқтыруы ықтимал. Аурудың басталуы әдетте жіті болып келеді. Науқастар іштің ауырсынуына, жүрек айнуына, құсуға, дене қызуының жоғарылауына, нәжістің бұзылуына шағымданады, содан кейін метеоризм, іш қату, іштің толуы, ауыздың құрғауы, бұлшықеттердің әлсіздігі, көру қабілетінің бұзылуы дамиды. Тек өнеркәсіптік дайындалған консервілерді тұтыну ботулизмнің алдын алудың ең дұрыс жолы болып табылады, үйде дайындалған консервілерді қолдан сатып алуға, бүлінген көкөністер мен жемістерді консервілеуге жол берілмеуі тиіс. Консервіленген банкаларды ашпал бұрын оларды тексеру керек ыдыста ботулизм қоздырғышы дамыған кезде түбі мен қақпағы ісінуі мүмкін. Тағамды дастарханның үстіне қоймас бұрын азық-түлік өнімдері және кез келген консервілерді қайнату, пісіру, қуыру ботулизмнің, басқа да ішек ауруларының және тамақтан уланудың алдын алудың негізгі шарасы болып табылады.

Х.Оспанов,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.